Бекітемін:
"Жансая Нұрсая"
бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: Г. Есенбаева

# Меңгеруші жанындағы хаттама

# 2022 – 2023 ж

Мектепке дейінгі әдіскер қызметінің негізгі бағыттары

Бүгінгі күні балабақша педагогтары алдында екі негізгі мақсат тұр; балабақша басшысы балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды анықтайды және жүзеге асырады.
Бірінші мақсат - бұл барлық балалардың физ-қ сапа және еңбек ете білуін дамыту, білім, дағды және танымының нақты жүйесін анықтау, өздерінің танымдық қажеттіліктері мен интеллектуалдық қызығушылықтарын қанағаттандыру өз ақыл-ес мүмкіндігімен тәуелділігін толық түрде алуға мүмкіндік алу. Бұл мақсатты бала мына жағдайда жүзеге асыра алады: балабақша жүйесінің, пед-қ ұжым жағдай жасауға мүмкіндігі, жағдайы бар.
Екінші мақсат - әр баланы мәдениетке, адамгершілік, шығармашылық, белсенділік және әлеуметтікке тәрбиелеу.
Бұл мақсат балабақшаның оқу-тәрбие үдерістерде жүзеге асады. Әдіскер жұмысының

төмендегідей түрлері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- Танымдық;
- Диагностикалық;
- Бақылау - түзету;
- Болжау

Мектепке дейінгі әдіскер жұмысының үшінші базасы-балалар отбасымен ынтымақтастық болып табылады.

"Жансая - Нұрсая" б/б-сы
№1 Меңгерушісі жанындағы
кеңес хаттамасы.

Ырысты ауылы
Қатысқандар - 11
Қатыспағандар 4

23.09.2023ж

Күн тәртібі

1 Педагогтардың жұмыс күніне дайындығы (іс-құжаттарын жедел тексеру қорытындысы)
2 Кіші топтарға мәдени-гигиеналық дағдылар (салыстырмалы тексеру)
3 Кіші топтардағы балалардың балабақшаға бейімделуі
4

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Г.Н. Есенбаева сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды. Әр тәрбиешінің қайсы топта жұмыс атқаратынын айтып өтті.

Жаңа оқу жылына жаңа қорлар мен кірісулерін қарап айтты. Педагогтардың жұмыс күнделікті дайындықтары туралы және іс құжаттары жайлы дайындықтары талқыланды.

Іс-құжаттары номерленіп тігіліп міндетті түрде, тексерілген болу керектігін айтты. Осы құжаттарды жылдың соңында меңгерушіге өткізетінін атап айтты.

Тыңдалды:
Екінші күн тәртібі бойынша сөз кезегін топ тәрбиешісі К.Е. Мусаева алды. Кіші топтағы балалардың мәдени-гигиеналық білім санитариялық дағдыларын қалыптастыруды айтты. Балаларды гигиена дағдыларына тәрбиелеу. Мәдениеттің негізі болатын балалардың саламатты өмір салтын қалыптастырудың қажетті шарты, балалардың денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады. Маңызды міндеттердің бірі, оны сәтті жүзеге асыру үшін білім беру үдерісінің үздіксіз

болу қажеттілігіне айтты.

Тыңдалды:

Үшінші күн тәртібі бойынша кіші топтың тәрбиешісі: С.А. Тукербаева алды. „Кіші топтардың балаларының балабақшаға бейімделуі" тақырыбы бойынша баяндама оқыды.

Баланың балабақшаға бейімделуі үшін әр балаға назар аудару керектігін, кейде қандай қиындықтар бар екендігін есте сақтау қажет. Ата-аналармен күнделікті әңгімелесіп баласын біртіндеп үйренетіндігін үйіттендіру керек деп сөз кезегін аяқтады.

Шешім:

1 Педагогтардың жұмыс күніне дайындығын жедел тексеруді өтіп бір жүйеге қойылсын.

2 Кіші топтардағы музыка-гимнастика залының талапқа сай бір жүйе қойылсын.

3. Кіші топтарға балалардың балабақшаға бейімделуіне тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жүргізілсін.

Меңгеруші Г.Н. Есенбаева

Хатшы: К. Мусаева

ЖШС „Жансая Нұрсая" бөбекжай балабақшасы

№ 2 Меңгерушісі жанындағы кеңес хаттамасы.

„Ырыстан" ауылы
Қатысқандар,
Қатыспағандар:

2. 11. 2022ж

Күн тәртібі:

1 Күн тәртібінің орындалуы
2 Топтардың санитарлық жағдайы (Жедел бақылау қорытындысы)
3 „Шебер қолдар" көрме қорытындысы

Тыңдалды:
Бөбекжай балабақша меңгерушісі: Г. Н. Есенбаева кезекті кеңесті ашық деп жариялап, күн тәртібінің бірінші мәселесіне тоқталды. Балабақша топ тәрбиешілері К. Мусаева тыңдалды. Жалпы топтарда яғни кіші, және ортаңғы топтардың күн тәртібінің орындалуы қорытындысы таныстырып өтті. Әр топ таңертеңгілік жаттығуды музыка ырғағымен өткізеді. Өз уақытында. Таңертеңгілік

жаттығу жылдың жылы мезгіл-
де алаңда, ал суық мезгілдерін
әр топ тәрбиешілері өз топтарын-
да өткізілетінін айтып өтті.
Сонымен бірге ЧОК үшінік,
оқу өз уақытында, серуеннің
құрылымы қимыл ойындары
бақылау, еңбек жоғары деңгейде
деп айта алмаймын, кемші-
ліктер бар екенін атап
өтті. Барлық заттардың
ЧОҚ көрнекілік, үлестірмелі,
құралдардың таза болуы
қадағаланып, күн тәртібі күн-
делікті өз деңгейінде жүр-
гізіліп жатқанын атап айтты.
Тыңдалды:
Екінші сұрақ бойынша
балабақша медбикесі
Н. Узақбаева топтардың
санитарлық жағдайына тоқ-
талып өтті. Барлық топ-
тарда дезинфекциялау құрал-
дарын және қолдана отырып
ылғалды әдіспен тазалау
жұмыстарын жүргізу керек-
тігін ескертті. Барлық
топтарда ауа ауыстыру және
ауырған бала болса ата-аналарына

хабар беру, мейірбикенің көмегіне
жүгіну қажеттігін айтып
өтті. Тексеру жұмыстары
жүргізіліп, оның нәтижелерін
айтып, кемшіліктер анық-
талып топтарға ескертулер
берілді.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша
"Шебер қолдар" атты көрменің
нәтижесін таныстырып өтті.
Көрмеге топ тәрбиешілері-
мен мұғалімдері қатысты.
Белсенді үлестерге қосқан
"Аққу" "Балапан" топтары-
ның жұмысы үздік деп
танылды.

Шешім:

1 Топтарда күн тәртібінің
орындалу қортындысының нәтиже-
сі қанағаттанарлық деп танылсын.
2 Бөбекжай балабақшаның санитарлық
гигиеналық жай күйі қанағаттанарлық
деп танылсын.
3. "Шебер қолдар" көрмесіне
белсенді қатысқан, "Аққу"
"Балапан" топтарын Алғыс хаттармен

марапаттасын.

Меңгерушісі: Г.Н. Есенбаева

Хатшы: К.Е. Мусаева

# 2022-2023 оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы

№3

«Ырысты»ауылы

02.01.2023 жыл

қатысқаны: 12

*Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:*

1. ***Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.***
2. ***Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.***
3. ***Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.***
4. ***Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.***

***Тыңдалды :***

***1 – ші мәселе*** бойынша балабақша меңгерушісі: Г.Есенбаева топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар.

***2 – ші мәселе*** бойынша меңгеруші . Г.Есенбаева топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

***3 – ші мәселе***бойынша балабақша медбикесі:Алтынбекова Н 2022 – 2023 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 2 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға каратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы

вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті.

***4 – ші мәселе***бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Үлкен топтарда варитативтік сабақтар өз уақытында өткізілгендігін айтты. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

***Шешімі:***

1. ***Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.***
2. ***Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымша инновациялық жоспарлар жасалынсын.***
3. ***Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.***

***4 Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.***

***Кеңес төрайымы:*** Г. Есенбаева

***Хатшы:*** С. Тукербаева

**ЖШС«Жансая-Нұрсая» балабақшасы меңгеруші жанындағы**

**2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы**

***№4***

*«Ырысты» ауылы* *14.05.2023 ж*

**Қатысқаны: 11**

***Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:***

1. Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі.

2.Балалардың жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы білім деңгейі

3.Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы.

1– ші мәселе бойынша меңгеруші : Г.Есенбаева оқу-іс-әрекетінде мемлекеттік тіл қазақ тілінің қаншалықты маңызды екендігін айта отырып, барлық топтарда осы мақсатта қазақ тілінің дұрыс жүргізілуіне қатаң көңіл бөлетіндігін айтты. Сол мақсатта топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің қазақ тілі – ана тілі -мәртебем сынды іс-шаралар өткізуге кеңестер бергендігін ескертті. Және оның жүргізілуін бақылауды өзіне қалдырығандығын айтты.

Қыркүйек айының 22- күні барлық топтарда тіл мерекесіне байланысты , ашық іс-шаралар ұйымдастырылып, ертеңгіліктер өткізілді. Сондай-ақ , бұл іс-шараларға ата-аналарда барынша қатысып, белсенділік танытты. Сонымен бірге, барлық топтарда , түстен кейінгі уақыттарда мәнерлеп оқу , ертегілер еліне сынды қосымшап жұмыстар жүргізіліп, тіл мәдениеттін балаларға жеткізіп отырғандығын айтып өтті.

2 – ші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі: С.Тукирбаева балабақшадағы Қоршаған ортамен танысу оқу іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылады. Осы мақсаттарда ересектертобындағы бүлдіршіндер жануарлар әлеміне саяхат жасап, аңдармен ,жануралаларды жеке танысып, тоқталып өтті. Ортаңғы топ бүлдіршіндері жабайы және үй жануарлын ажырата білетіндігін көрсете білді. Сондай-ақ оқу –іс әрекеті кезінде ғана емес , ертеңгіліетерде ертегі арқылы да , түрлі қойылым арқылы да көрсетіп, үйреніп жүр.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі Алтынбекова Н балабақшадағы

таңертеңгілік жаттығулардың жүргізілу барысын бақылағандығын айтты. Балабақшадағы дене жаттығулары мынадай түрлерге бөлінеді: таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың бойын сергітіп, жақсы көңіл күй сыйласа, қимылды ойындар балалардың ақыл – ой дамытады. Сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал таңертеңгі жаттығулар. Күнделікті белгілі бір уақытта әр топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жаттығу ұйымдастырылады. Саяхат сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Айта кететін болсақ «Біз саяхатқа шығамыз» атты , экскурсия сабақтары , «менің ауылым » сынды саяхат сбақтары жүргізіліп отырады.

***Шешімі:***

1. Жасалынған бақылау жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Қоршаған орта оқу-іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылауын балабақша әдіскері тапсырылып, жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.
3. Балаларға сауықтыру шараларын тұрақты түрде жүргізілуін қадағалау балабақша медбикесі және топ жетекшілеріне , дене –шынықтыру нұсқаушыларына жүктелсін.

***Кеңес төрайымы:*** Г. Есенбаева

***Хатшы:*** С. Туякбаева